

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 29 қарашадағы № 502-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) м а з м ұ н ы н д а :

екі жүз алпыс жетінші абзац «Терроризмді» деген сөзден кейін «не экстремизмді» деген сөздермен, «терроризм» деген сөзден кейін «не экстремизм» деген сөздермен толықтырылсын;

екі жүз алпыс тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«233-3-бап. Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесу»;

мынадай мазмұндағы екі жүз жетпісінші абзацпен толықтырылсын:

«233-4-бап. Террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру»;

екі жүз жетпіс бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«235-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу»;

мынадай мазмұндағы екі жүз жетпіс екінші, екі жүз жетпіс үшінші, екі жүз жетпіс төртінші және екі жүз жетпіс бесінші абзацтармен толықтырылсын:

«235-1-бап. Қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

235-2-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

235-3-бап. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

235-4-бап. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу»;

2) 28-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қылмыс жасауды ұйымдастырған немесе оның орындалуына басшылық жасаған адам, сол сияқты ұйымдасқан топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), трансұлттық ұйымдасқан топты, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (трансұлттық қылмыстық ұйымды) немесе тұрақты қарулы топты (банданы) құрған не оларды басқарған адам ұйымдастырушы деп танылады.»;

3) 3 1 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топтардың бірлестігі жасаса, ол қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-1 және 4-2-бөліктермен толықтырылсын:

«4-1. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау үшін күні бұрын біріккен адамдардың тұрақты тобы екі және одан да көп мемлекеттің аумағында не бір мемлекетте жасаса, бірақ оны дайындау, жоспарлау, басқару немесе оның зардаптары басқа мемлекетте орын алса немесе бір мемлекетте, бірақ басқа мемлекеттер азаматтарының қатысуымен жасаса, ол трансұлттық ұйымдасқан топ жасаған қылмыс деп танылады .

4-2. Егер қылмысты бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топтар бірлестігі екі және одан да көп мемлекеттің аумағында не бір мемлекетте жасаса, бірақ оны дайындау, жоспарлау, басқару немесе оның зардаптары басқа мемлекетте орын алса немесе бір мемлекетте, бірақ басқа мемлекеттер азаматтарының қатысуымен жасаса, ол трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) жасаған қылмыс деп танылады.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Ұйымдасқан топты, қылмыстық қоғамдастықты (қылмыстық ұйымды), трансұлттық ұйымдасқан топты, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықты (трансұлттық қылмыстық ұйымды) немесе тұрақты қарулы топты (банданы) құрған не басқарған

адам осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда оларды ұйымдастырғаны және басқарғаны үшін, сондай-ақ егер қылмыстар оның қаскүнемдік ниетімен қамтылса, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған барлық қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) басқа қатысушылары осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті баптарында көзделген жағдайларда, оларға қатысқаны үшін, сондай-ақ өздері дайындауға немесе жасауға қатысқан қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықта болады.»;

4) 34-1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерінің не осындай органның тапсырмасы бойынша осы органмен ынтымақтасып жұмыс істейтін өзге адамның заңға сәйкес жедел-іздігіру іс-шараларын орындауы кезінде жасаған, осы Кодексте қорғалатын мүдделерге зиян келтірген әрекеті, егер бұл әрекет адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмысты болғызбау, анықтау, ашу немесе тергеу мақсатымен жасалса, сондай-ақ егер құқық қорғау мүдделеріне келтірілген зиян аталған қылмыстармен келтірілетін зиянға қарағанда аздау болса, және егер оларды болғызбауды, ашуды немесе тергеуді, сол сияқты қылмыс жасауға кінәлі адамдарды әшкерелеуді өзге тәсілмен жүзеге асыру мүмкін болмаса, ол қылмыс болып табылмайды.»;

5) 41-бапқа ескертулердің 2-тармағы:

«168-171,» деген цифрлардан кейін «233-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;
«233-3,» деген цифрлардан кейін «233-4,» деген цифрлармен толықтырылсын;

б) 51-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын және ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) не тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыстар жасағаны үшін, сотталған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, сотталған адам басқа адамдардың меншігіне берген мүлік тәркілеуге жатады.»;

7) 54-баптың бірінші бөлігінің в) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«в) адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның)

немесе тұрақты қарулы топтың (банданың), террористік топтың құрамында қылмыс жасау;»;

8) 63-баптың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қылмыстардың қауіпті немесе аса қауіпті түрде қайталануы кезінде не адамды ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды.»;

9) 65-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмысты қоспағанда, қылмыс жасаған адам, егер ол ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмыстарды болғызбауға, ашуға немесе тергеуге, ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасаған қылмыстарға басқа да қатысушыларды әшкерелеуге белсенді түрде жәрдемдесе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.»;

1 0) 7 0 - б а п т а :

үшінші бөліктің г) тармағындағы «төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін» деген сөздер «төрттен үшін;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы д) тармағымен толықтырылсын:

«д) ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана қолданылуы мүмкін.»;

сегізінші бөлік «қылмыс жасаған,» деген сөздерден кейін «террористік қылмыстар үшін сотталған адамға,» деген сөздермен толықтырылсын;

1 1) 7 1 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамдарға қ а т ы с т ы қ о л д а н ы л м а й д ы . » ;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Террористік қылмыстар үшін сотталған адамдарға жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру қолданылмайды.»;

12) 74-баптың екінші бөлігіндегі «Ауыр» деген сөз «Террористік қылмыстар үшін сотталған адамдарды қоспағанда, ауыр» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 131-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:
«5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) қылмыстық қызметіне кәметке толмаған адамды тартуға байланысты әрекеттер, - мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

1 4) 1 6 4 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «пайдалана отырып» деген сөздерден кейін «, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты насихаттайтын әдебиет пен өзге ақпарат жеткізгіштерді тарату жолымен» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «екі жылдан алты жылға» деген сөздер «үш жылдан жеті жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылдан он жылға» деген сөздер «жеті жылдан он екі жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 233-бапқа ескертулердің 2-тармағы «233-3,» деген цифрлардан кейін «233-4,» деген цифрлармен толықтырылсын;

1 6) 2 3 3 - 1 - б а п т а :

тақырып «Терроризмді» деген сөзден кейін «не экстремизмді» деген сөздермен, «терроризм» деген сөзден кейін «не экстремизм» деген сөздермен толықтырылсын;

б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «Терроризмді» деген сөзден кейін «не экстремизмді» деген сөздермен, «терроризм» деген сөзден кейін «не экстремизм» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «бес жылға» деген сөздер «үш жылдан жеті жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «жасаған» деген сөзден кейін «не бір топ адам жасаған» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «үш жылдан сегіз жылға» деген сөздер «бес жылдан он жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 233-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«233-3-бап. Террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыру және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесу

1. Террористік немесе экстремистік қызметті жүзеге асыру үшін жеке адамға, бір топ адамға немесе террористік не экстремистік ұйымдарға көрінеу заңсыз ақша және (

немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беру немесе жинау, сондай-ақ сыйға тарту, айырбастау, қайырмалдықтар, демеушілік және қайырымдылық көмек, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсету не қаржылық қызмет көрсету, -

бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған нақ сол әрекеттер, -
мүлкі тәркіленіп, үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у .

Күш қолдану қатерімен террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруды және терроризмге не экстремизмге өзге де жәрдемдесуді жүзеге асырушы және ол туралы ерікті түрде мәлімдеуші, сондай-ақ қылмыстың ашылуына немесе жолын кесуге белсенді түрде жәрдемдескен адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге де қылмыстың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

18) мынадай мазмұндағы 233-4-баппен толықтырылсын:

«233-4-бап. Террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру

1. Террористік не экстремистік қызметті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе дайындау не қаруландыру -
мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып немесе кәмелетке толмағандарға қатысты жасаған нақ сол әрекеттер, -
мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

19) 235-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«235-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру, сол сияқты оны басқару -
мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған ұйымдасқан топқа қатысу, -
мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, -

мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

Е с к е р т у .

Осы Кодекстің 235, 235-1, 235-2, 235-3, 237-баптарында ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға), трансұлттық ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы топқа (бандаға) қатысуын өз еркімен тоқтатқан және ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) жасайтын немесе жасаған қылмыстарды ашуға немесе олардың жолын кесуге белсенді түрде жәрдемдескен адам, егер оның іс-әрекеттерінде өзге де қылмыстың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

20) мынадай мазмұндағы 235-1, 235-2, 235-3 және 235-4-баптармен толықтырылсын :

«235-1-бап. Қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру не оны басқару, сол сияқты ұйымдасқан топтар басшыларының немесе өзге де қатысушыларының бірлестігін құру немесе дербес әрекет ететін ұйымдасқан топтардың қылмыстық іс-әрекеттерін үйлестіру – мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

2. Ұйымдасқан топтар басшыларының қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға) қатысуы – мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

3. Қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып үйлестіру мақсатында ұйымдасқан топтар басшыларының, өзге де қатысушыларының жиналысына қатысу, – мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

4. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, – мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалады.

5. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді ұйымдасқан топтардың басшылары арасында жетекші орындағы адам жасаса, – мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазалады.

1. Қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру деп бірлесіп қылмыстар жасау мақсатында ұйымдасқан топтар арасында оларды келісуді (ұйымдасқан топтар басшыларының немесе өзге де қатысушыларының арасында тұрақты байланыстар орнатуды, қылмыс жасау үшін жоспарлар әзірлеп, жағдайлар жасауды, сондай-ақ қылмыстық ықпал ету аясын, қылмыстық әрекеттен түсетін табысты бөлісуді) түсіну керек.

2. Жетекші орындағы адам деп ұйымдасқан топтардың басшылары қылмыстық іс-әрекеттерді үйлестіру жөніндегі өкілеттіктерді берген адам танылады.

235-2-бап. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында
трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару,
сол сияқты оған қатысу

1. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру
, сол сияқты оны басқару -
мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
айыруға жазаланады.

2. Бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында құрылған трансұлттық
ұйымдасқан топқа қатысу,
мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз
қызмет бабын пайдалана отырып жасаса,
мүлкі тәркіленіп, он екі жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
айыруға жазаланады.

235-3-бап. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық
қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты
оған қатысу

1. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру, сол
сияқты оны басқару -
мүлкі тәркіленіп, он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас
бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға)
қатысу -
мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан
айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз
қызмет бабын пайдалана отырып жасаса,
мүлкі тәркіленіп, он жеті жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас
бостандығынан айыруға жазаланады.

235-4-бап. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу

1. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру - мүлкі тәркіленіп, үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) не трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) қатысушысының мүлікті жинауы, сақтауы, бөлуі, сондай-ақ қаржыландыру арналарын әзірлеуі, - мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаса, - мүлкі тәркіленіп, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у .

1. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қылмыстық қызметін қаржыландыру деп қылмыстық әрекетін жүзеге асыру мақсатында ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға), трансұлттық ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы топқа (бандаға) мүлікті беруді, қаржылық қызмет көрсетуді түсіну керек.

2. Ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыруды күш көрсетіп қорқыту арқылы жүзеге асырған және бұл туралы өз еркімен мәлімдеген адам, егер оның іс-әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

2 1) 2 3 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«сегіз жылдан он бес» деген сөздер «, он екі жылдан жиырма» деген сөздермен ауыстырылсын;

«немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацында:

«алты жылдан он екі» деген сөздер «, он жылдан он бес» деген сөздермен ауыстырылсын;

«немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын;
үшінші бөліктің екінші абзацында:

«он жылдан он бес» деген сөздер «, он бес жылдан жиырма» деген сөздермен ауыстырылсын;

«немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын.

2 2) 3 3 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш» деген сөз «алты» деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «бес жылға» деген сөздер «үш жылдан жеті жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «бір жылға» деген сөздер «алты жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3) 3 3 7 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылға» деген сөздер «алты жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «екі жылға» деген сөздер «алты жылға» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар):

1) 58-баптың бірінші бөлігінде: «кодексінің» деген сөзден кейін «162 (екінші және үшінші бөліктерінде), 163 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын; «169» деген цифрлардан кейін «, 171» деген цифрлармен толықтырылсын; «төртінші бөліктерінде» деген сөздерден кейін «, 233-2 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 233-4 (екінші бөлігінде), 234 (үшінші бөлігінде), 238 (үшінші бөлігінде), 239 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 64 - б а п т а :

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Үкімді азаматтық талап қою, басқа да мүліктік жазалар немесе мүмкін болатын мүлікті тәркілеу бөлігінде орындауды қамтамасыз ету мақсатында тергеуші күдіктінің, айыпталушының немесе заң бойынша олардың іс-әрекеті үшін материалдық жауаптылықта болатын адамдардың мүлкін анықтауға шаралар қолдануға міндетті. Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында жасалған қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу кезінде тергеуші қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, басқа адамдардың меншігіне берілген мүлікті анықтауға да шаралар қолдануға міндетті.»;
бесінші бөліктегі «санкциясын немесе соттың шешімін» деген сөздер «, соттың санкциясын немесе соттың шешімін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 67-баптың екінші бөлігіндегі «прокурордың санкциясы» деген сөздер «прокурордың, соттың санкциялары» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 130 - б а п т а :

бірінші бөліктегі «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында» деген сөздер «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы», «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның қызметкері жедел-ізвестіру шараларын жүргізу кезінде тікелей қабылдаған нақты деректер аталған қызметкерден куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

Жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жасырын негізде көмек көрсетуші адам тікелей қабылдаған нақты деректер оның келісімімен аталған адамнан куә, жәбірленуші, сезікті (айыпталушы) ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер р е т і н д е п а й д а л а н ы л у ы м ү м к і н .

Ұйымдасқан топқа, қылмыстық қоғамдастыққа (қылмыстық ұйымға), трансұлттық

ұйымдасқан топқа, трансұлттық қылмыстық қоғамдастыққа (трансұлттық қылмыстық ұйымға) немесе тұрақты қарулы топқа (бандаға) ендірілген адамдар тікелей қабылдаған нақты деректер осы адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органның лауазымды адамынан куә ретінде жауап алынғаннан кейін дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«6. Жедел-ізвестіру қызметінің осы бапта баяндалған талаптарға сай келмейтін нәтижелері осы материалдарды ұсынған органға қайтарылады, бұл туралы дәлелді қаулы жасалады. Қаулыда жедел-ізвестіру қызметінің нәтижелерін қылмыстық іске қоса тіркеуден бас тартудың себептері көрсетілуге тиіс.»;

5) 1 9 2 - б а п т а :

«бірінші бөлік «233-3,» деген цифрлардан кейін «233-4,» деген цифрлармен толықтырылсын ;

төртінші бөліктегі «235,» деген цифрлар алып тасталсын;
4-3-бөліктегі «227,» деген цифрлардан кейін «235, 235-1, 235-2, 235-3, 235-4,» деген цифрлармен толықтырылсын;

6) 3 0 1 - б а п т ы ң 3 - 1 б ө л і г і :

«кодексінің» деген сөзден кейін «162 (екінші және үшінші бөліктерінде), 163 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

«169» деген цифрлардан кейін «, 171» деген цифрлармен толықтырылсын;
«төртінші бөліктерінде»)» деген сөздерден кейін «, 233-2 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 233-4 (екінші бөлігінде), 234 (үшінші бөлігінде), 238 (үшінші бөлігінде), 239 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 5 4 3 - б а п т а :

«кодексінің» деген сөзден кейін «162 (екінші және үшінші бөліктерінде), 163 (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

«169» деген цифрлардан кейін «, 171» деген цифрлармен толықтырылсын;
«төртінші бөліктерінде»)» деген сөздерден кейін «, 233-2 (бірінші және үшінші бөліктерінде), 233-4 (екінші бөлігінде), 234 (үшінші бөлігінде), 238 (үшінші бөлігінде), 239 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-

құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат):
69-баптың 4-тармағы «жасағаны үшін» деген сөздерден кейін «бір жылдан астам мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын.

4. «Жедел-іздігі қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 13-14, 199-құжат; 1995 ж., № 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; № 15, 147-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 18, 106-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 17, 83-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1 2 - б а п т а :

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ауыр және аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) дайындайтын және жасайтын қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу, жолын кесу және ашу мақсатында арнаулы жедел-іздігі іс-шаралары көрсетілген санаттағы қылмыстарға қатысы бар тексерілетін адамдарға қатысты прокурордың с а н к ц и я с ы м е н жүргізіледі.»;

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Кейінге қалдыруға болмайтын ауыр және аса ауыр қылмыстардың, сондай-ақ ұйымдасқан топ, қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым), трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) немесе тұрақты қарулы топ (банда) дайындайтын және жасайтын қылмыстардың жасалуына әкеп соғуы мүмкін жағдайларда, жедел-іздігі қызметін жүзеге асырушы тиісті орган басшыларының біреуінің дәлелді қаулысы негізінде, прокурорды хабардар ете отырып және кейіннен, қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде санкция ала отырып, арнаулы жедел-іздігі іс-шараларын жүргізуге жол беріледі.».

5. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат ; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат):

1) 10-баптың 4-тармағының 8) тармақшасындағы «өтпеген адамдарды қабылдауға болмайды.» деген сөздер «өтпеген;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

9) т а р м а қ ш а м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«9) ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (

трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың)
қ ұ р а м ы н д а қ ы л м ы с ж а с а ғ а н ;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның),
трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды қабылдауға болмайды.»;

2) 26-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуы үшін: сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамды, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамды мемлекеттік қызметке қабылдауы;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды мемлекеттік қызметке қабылдауы негіз болып табылады.»;

3) 27-баптың 1-тармағының 7-2) және 7-3) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«7-2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамды, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамында қылмыс жасаған адамды мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылдауы;

ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың)

құрамындағы қылмыс туралы оған қатысты қылмыстық істі қылмыстық қудалау органы немесе сот тоқтатқан не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органы бас тартқан адамды мемлекеттік әкімшілік қызметке қабылдауы;

7-3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтатуы, сондай-ақ ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның), трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) құрамындағы қылмыс туралы қылмыстық істі қылмыстық қудалау органының немесе соттың тоқтатуы не Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шектегі мерзімі өткенге дейін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс қозғаудан қылмыстық қудалау органының бас тартуы;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. НАЗАРБАЕВ